| 17. Лицензия беру үшін негіз | 18. Өтініш берушінің уәкілетті адамы Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Лауазымы Телефоны Қолы және мөрі (болған жағдайда) күні | |

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

"Озонды бұзатын заттарды және
құрамында озонды бұзатын
заттар бар өнімдерді Кеден
одағына кірмейтін елдерден
Қазақстан Республикасының
аумағына әкелуге және
Қазақстан Республикасының
аумағынан осы елдерге әкетуге
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша

# Тауарлардың жекелеген түрлерін импорттауға лицензия беру туралы өтініш

| | | |
|---|---|---|
| 1. Өтініш № | 2. Қолданылу кезеңі КК.АА.ЖЖЖЖ бастап КК.АА.ЖЖЖЖ қоса алғанда \| | |
| 3. Лицензия типі \| ИМПОРТ | 4. Келісімшарт № | |
| 5. Өтініш беруші \| | 6. Сатушы | |
| 7. Жөнелту елі \| | 8. Сатушы ел\| | |
| 9. Келісімшарт валютасы \| | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған ел \| | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. СЭҚ БТН бойынша тауар коды және оның сипаттамасы | | |

16. Қосымша ақпарат

17. Лицензия беру үшін негіз

18. Өтініш берушінің уәкілетті адамы
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Лауазымы
Телефоны
Қолы және мөрі (болған жағдайда) күні

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
3-қосымша

## "Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 15.03.2017 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау . Жалпы ережелер

1. "Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетики министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға жүгінген сәттен бастап:

8 (сегіз) жұмыс күні ішінде, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттар анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті әрі қарай қараудан бас тарту туралы уәжді жауап береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат немесе осы стандарттың 10 тармағында көрсетілген негізде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді есептемегенде, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

порталға:

озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім;

өтінім берушінің штатында тиісті жоғарғы білімі және мамандық бойынша 3 (үш) жылдан кем емес жұмыс өтілі бар немесе тиісті техникалық және кәсіптік білімі және мамандық бойынша 5 (бес) жылдан кем емес жұмыс өтілі бар кем дегенде 2 (екі) қызметкердің – жауапты орындаушылардың болуын растайтын құжаттармен бірге осы

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мәліметтер нысаны;

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), жеке кәсіпкерлікті мемлекетті тіркеу туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электронды үкімет"шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады;

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

порталда – "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10.Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз:

1) көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) қызмет көрсетуге қажетті қызметті алушының және (немесе) берілген материалдар, объектілер, ақпараттар мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының құқықтық нормалық актілерінің талаптарына сәйкес келмеуі;

3) белгілі мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды қажет ететін қызметтер және жеке қызметтер түрлері туралы қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы (сот үкімі);

4) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты қызметті алушыға арнайы құқығынан айыру туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы.

## 3-тарау.Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрліктің басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша, портал арқылы немесе жұмыс күндері қызмет берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қабылданады.

Шағымда:

3) жеке тұлға - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны;

4) заңды тұлға - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қол қоюы керек.

Шағымның қабылданғанын растау оның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні,

тапсырылған шағымға жауапты алу орнымен мерзімі көрсетіле отырып тіркелуі ( мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінгенде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының телефоны 1414, 8 800 080 7777 бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтініштерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай:

1) Министрліктің - www.energo.gov.kz интернет-ресурсы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Министрліктің - www.cerc.energo.gov.kz интернет-ресурсы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

3) порталда.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 58 00 58, 119 және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Озонды бұзатын заттарды
пайдалана отырып, жұмыстар
жүргізуге, құрамында
озонды бұзатын заттар бар
жабдықтарды жөндеуге,
монтаждауға, оларға қызмет
көрсетуге рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша
Нысан

**Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды**
**бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет**

**көрсетуге**
**рұқсат беруге**
**ӨТІНІМ**

____________________________________________________________________________
________

(өтініш беруші ұйымның атауы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты ( болған жағдайда))

____________________________________________________________________________
________

(өтініш беруші ұйымның заңды мекенжайы немесе өтініш берушінің тұрғылықты мекенжайы)

байланыс телефондары, факс ________________________________________________
________

Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізу, құрамында озон

қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеу, монтаждау, оларға қызмет көрсету туралы мәлімдейді

____________________________________________________________________________
________

____________________________________________________________________________
_______.

Техникалық қызмет көрсетуге тартылған мамандар саны ________________________
_______.

Озон қабатын бұзатын заттармен жұмыс істеу бойынша кәсіптік даярлаудан өткен мамандар саны

__________________________________________________________________________
________

__________________________________________________________________________
________

Қызметі

☐

Компанияға тән қызметтің түрін көрсетіңіз:

☐

Тоңазытқыш жабдықты шығару

☐

Тоңазытқыш жабдықты жинақтау/орнату

☐

Сату

☐

Тоңазытқыш жабдықты жөндеу және оған техникалық қызмет көрсету

☐

Басқалар

______________________________________________________________

☐

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі

_____________________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________________

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Кәсіпорын басшысы

____________ _______________________ ________________________

(жеке қолы) мөрдің орны (болған жағдайда) (тегі, аты, әкесінің аты

(болған жағдайда)

Өтінімді тіркеу күні 20 __ жылғы "___" _____________.

"Озонды бұзатын заттарды
пайдалана отырып, жұмыстар
жүргізуге, құрамында
озонды бұзатын заттар бар
жабдықтарды жөндеуге,
монтаждауға, оларға қызмет
көрсетуге рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша

## Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге рұқсат алу үшін талаптарға өтініш берушінің сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Озон қабатын бұзатын заттарды қайта өңдеу және алу жөніндегі жабдықтың техникалық паспорты:

1) жабдықтың атауы;

2) жабдықтың моделі (маркасы);

3) функциялардың қысқаша сипаттамасы.

2. Өндірістік-техникалық базасы:

1) өндірістік үй-жайларды сатып алу/сату, жалға алу шартының нөмірі және күні;

2) кіммен шарт жасасқан (заңды/жеке тұлғаның атауы);

3) орналасқан жері (мекенжайы).

3. Жабдықтарды пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, озон қабатын бұзатын заттарды есепке алуды және тасымалдауды қамтамасыз ететін қызмет:

1) құжаттың атауы;

2) құжаттың берілген күні.

4. Міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі:

1) сақтандыру полисінің нөмірі және берілген күні;

2) сақтанушының атауы;

3) сақтандырушының атауы;

4) сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі.

5. Қызметкерлер:

1) қызметкерлердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

2) мамандануы мен біліктілігінің атауы;

3) диплом нөмірі және берілген күні;

4) диплом берген оқу орнының атауы;

5) шетел білім беру ұйымдарымен берілген білім беру туралы құжаттарды тану және нострификациялау (қажет болған жағдайда) туралы куәліктің нөмірі және берілген күні;

6) еңбек қызметін растайтын құжаттарға сәйкес мамандығы бойынша жұмыс өтілі;

7) сертификат/куәлік нөмірі және берілген күні;

8) сертификат/куәлік берген ұйымның атауы.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
4-қосымша

## "I санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 15.03.2017 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "I санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді (бұдан әрі – қызмет көрсетуші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2- тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға жүгінген сәттен бастап:

рұқсат беру – 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды;

рұқсатты қайта ресімдеу - 15 (он бес) күнтізбелік күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішін тіркеген сәттен бастап, 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттар анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай қараудан бас тарту туралы уәжді жауап береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: электрондық түрде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі –қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат, рұқсатты қайта ресімдеу немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжаттар нысанында қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс графигі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді есептемегенде, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады ).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

рұқсат алу үшін:

1) I санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім;

2) бекітілген эмиссиялар нормативтері қамтылған құрылыс жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы не ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысы;

3) қоршаған орта қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары;

рұқсаттарды қайта ресімдеу үшін:

1) I санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты қайта ресімдеу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім;

2) қайта ресімделетін эмиссияға рұқсат берілген табиғат пайдалану объектісіне ( объектілеріне) қатысты оған (оларға) меншік құқығының ауысқанын растайтын құжаттың көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, рұқсат туралы, қоса тіркелетін қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша бөлімі бар, көзделген қызмет жобасына және техникалық үлестік нормативтері қамтылған эмиссия нормативтерінің

жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындылары құжаттарының мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде – "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту негіздемесі мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) сұратылып отырған табиғат пайдалану шарттары Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі;

4) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен белгіленген экологиялық талаптар мен

нормаларға, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге сәйкес келмеуі;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы болып табылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және ( немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне ) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрлікке осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша, портал арқылы немесе жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қабылданады.

Шағымда:

1) жеке тұлға - тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс нөмірі;

2) заңды тұлға - атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушының қол қоюы керек.

Шағымның қабылданғанын растау оның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, тапсырылған шағымға жауапты алу орнымен мерзімі көрсетіле отырып тіркелуі ( мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарастыру нәтижелері бойынша дәлелді жауап қызмет алушыға пошта байланысыарқылы жіберіледі не көсетілетін қызмет берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтініштерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай:

1) Министрліктің - www.energo.gov.kzинтернет-ресурсы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Министрліктің - www.cerc.energo.gov.kz. интернет-ресурсы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

3) порталда.

14. Көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметті беруді шектеу Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2009 жылғы 23 шілдедегі № 143-Ө "Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру үшін І санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу бөлу туралы" бұйрығымен белгіленеді.

15. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) бұйрығымен.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 58 00 58, 119 және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"І санаттағы объектілер үшін

экологиялық рұқсаттар беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан
Мемлекеттік органның атауы

# І санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу өтінімі

__________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________

(табиғат пайдаланушының атауы)

__________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________

(өтініш иесі-ұйымның заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның мекенжайы)

1. Жалпы ақпарат

Байланыс телефоны, факс ______________________________________________________

Өтінім берілетін өндірістік объектінің атауы _____________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

Табиғат пайдаланушының санаты (өндірістік объектінің қауіптілік сыныбы)

____________________________________________________________

____________________________________________________________

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

____________________________________________________________

____________________________________________________________

2. Өндіріс объектісінің қоршаған ортаны ластау кездері тұратын өнеркәсіп алаңдарының

орналасқан жері туралы деректер:

1-кесте. Өнеркәсіптік алаңдардың орналасқан жері туралы мәліметтер

| Өнеркәсіптік алаңның нөмірі | Өнеркәсіптік алаңның атауы | Облысы | Ауданы, елді мекені | Координаттары градус, минута, секунда | | Алып жатқан аумағы, гектар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ендік | бойлық | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

3. Жылдар бойынша ластаушы заттардың шығарындылары, (төгінділерді) және орналастырылатын қалдықтары (күкірт) көлемінің сұратылатын лимиттері.

2-Кесте. Ластаушы заттар шығарындыларының лимиттері

| Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының атауы | Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысың нөмері және берілген күні | Ластаушы заттар шығарындыларының нормативтік көлемі | Ластаушы заттардың шығарындыларының сұратылған лимиттері | Өтінім берер алдындағы жылғы іс жүзіндегі шығарындылар көлемі |
|---|---|---|---|---|
| | | тонн/жыл | тонн/жыл | тонн/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 20__жылға | | | | |
| барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | | |
| 1-алаң | | | | |
| 2-алаң және т. б. | | | | |

3-кесте. Ластаушы заттар төгінділерінің лимиттері

| Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының атауы | Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмері және берілген күні | Ластаушы заттар төгінділерінің нормативтік көлемі | Ластаушы заттардың төгінділерінің сұратылған лимиттері | Өтінім берер алдындағы жылғы іс жүзіндегі төгінділер көлемі |
|---|---|---|---|---|
| | | тонн/жыл | тонн/жыл | тонн/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 20__жылға | | | | |
| барлығы, олардың ішінде су шығарымдары бойынша: | | | | |
| 1-су шығарымы бойынша | | | | |
| 2-су шығарымы бойынша және т.б. | | | | |

4-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру лимиттері

| Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының атауы | Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмері және берілген күні | Қалдықтардың нормативтік көлемі | Қалдықтардың сұратылған лимиттері | Өтінім берер алдындағы жылғы қалдықтарды орналастырудың іс жүзіндегі көлемдері |
|---|---|---|---|---|
| | | тонн/жыл | тонн/жыл | тонн/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 20__жылға | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша : | | | | |
| 1-алаң | | | | |
| 2 -алаң және т. б. | | | | |

5-кесте. Күкірт орналастыруға арналған лимиттер

| Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының атауы | Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмері және берілген күні | Күкірттің нормативтік көлемі | Күкірттің сұратылған лимиттері | Өтінім берер алдындағы жылғы іс жүзіндегі күкірт орналастыру көлемдері |
|---|---|---|---|---|
| | | тонн/жыл | тонн/жыл | тонн/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 20__жылға | | | | |
| барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | | |
| 1-алаң | | | | |
| 2 -алаң және т. б. | | | | |

Табиғат пайдаланушылар ұсынатын табиғат пайдалану шарттары:

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

Қоршаған ортаға эмиссиялар осы өтінімде көрсетілгендерге сәйкес болатындығын растаймыз.

4. Өтінімге мынадай құжаттар ұсынылады:

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

Заңмен қорғалатын ақпараттық жүйелер қамтитын құпия мәліметтерді қолдануға келісемін

Уәкілетті

(жеке тұлға) ______________________ ______________________________

(жеке қолы) (қолын ашып жазу)

Мөр орны

20___ жыл ____ " "

"I санаттағы объектілер үшін
экологиялықрұқсаттар беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

## I санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеу өтінімі

(табиғат пайдаланушының атауы немесе ұйымдық-құқықтық

нысаны өзгерген, қайта құрылған жағдайда)

Сізден Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеуді сұраймын

______________________________________________________________________________

(рұқсат рәсімделген жеке немесе заңды тұлғаның атауы)

______________________________________________________________________________

(жеке немесе заңды тұлғаның ауыстырылған атауы)

Берілген рұқсат №

(кіммен) ________________________________________________________________

________

________________________________________________________________________

________

(өтініш иесінің-ұйымның заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның тұратын мекенжайы

________________________________________________________________________

________

________________________________________________________________________

________

Табиғат пайдаланушы санаты ( өндірістік объектінің қауіптілік сыныбы)

________________________________________________________________________

________

________________________________________________________________________

________

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

________________________________________________________________________

________

Өтінімге мынадай құжаттар ұсынылады:

___________________________________________________________________________________________________

Заңмен қорғалатын ақпараттық жүйелер қамтитын құпия мәліметтерді қолдануға келісемін

Уәкілетті

(жеке тұлға) _________________ ________________________

(жеке қолы) (қолын ашып жазу)

Мөр орны

20___ жыл ____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына 5-қосымша

## "I санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "I санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал ) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға жүгінген сәттен бастап:

мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру – 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде;

ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру – 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттар анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті әрі қарай қараудан бас тарту туралы уәжді жауап береді.

Ұсынылған құжаттардың мазмұны бойынша ескертулер болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға I санатты объектілер үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде уәжді ескертулерді жолдайды, көрсетілетін қызметті алушы оларды порталда ескертулер берілген күннен бастап 10 ( он) жұмыс күні ішінде жояды. Бұл ретте, 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші ескертулер бойынша өңделген құжаттарды қабылдамайды.

Олар белгіленген мерзімде жойылған жағдайда, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы беріледі.

Олар белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы беріледі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – I санатты объектілердің мемлекеттік экологиялық сараптамасының қорытындысын осы мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысанда немесе осы мемлекеттік қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап беру.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс графигі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді есептемегенде, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады ).

9. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандарда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электронды құжат нысанындағы мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге арналған өтінім;

2) қоршаған ортаға әсер ететін межелі қызметтің жоба алдындағы және жобалау құжаттамасы жағдайда мынадай құрамда:

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін, құжат түрінде ресімделген қоршаған ортаға әсерді бағалау (бұдан әрі – ҚОӘБ) материалдары бірге жүретін жоба алдындағы немесе жобалау құжаттамасы;

Кодекстің 57-2-бабының 1-тармағына сәйкес шаруашылық қызметтің түрлері үшін қоғамдық пікірді есепке алу нәтижелері;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары;

3) эмиссиялар нормативтерінің жобалары жағдайда мынадай құрамда:

эмиссиялар нормативтері жобалары;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары;

4) іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкелуі мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары жағдайында мынадай құрамда:

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттар жобалары;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту бойынша жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің,

республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын кішірейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми негіздемелердің жобалары жағдайда мынадай құрамда:

жаратылыстану-ғылыми негіздемелер немесе техникалық-экономикалық негіздемелердің жобалары;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың босалқы жерлерін босалқы жерге ауыстыруға, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарының шекараларын және (немесе ) аудандарын өзгертуге техникалық-экономикалық негіздемелері болған жағдайда мынадай құрамда:

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін құжат түрінде ресімделген ҚОӘБ материалдарымен бірге техникалық-экономикалық негіздемелердің жобалары;

қоғамдық пікірді есепке алу нәтижелері;

7) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын алу мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелер болған жағдайда мынадай құрамда:

биологиялық негіздемелердің жобалары;

8) осы аумақтарды экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуды негіздейтін аумақтарды зерттеу материалдары болған жағдайда мынадай құрамда:

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін құжат түрінде ресімделген ҚОӘБ материалдары бірге жүретін аумақтарды зерттеп-қарау материалдары;

қоғамдық пікірді есепке алу нәтижелері;

денсаулық сақтау, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет және білім беру салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары;

9) жерді одан әрі шаруашылық айналымына беру үшін ядролық қаруды сынау ( жүргізілген сынақтардың салдарын бағалау) нәтижелерін жүргізілген жер учаскелерін кешенді экологиялық зерттеу материалдары болған жағдайда мынадай құрамда:

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін құжат түрінде ресімделген ҚОӘБ материалдарымен бірге кешенді экологиялық зерттеу материалдары;

қоғамдық пікірді есепке алу нәтижелері;

санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындысы;

жобаның электрондық нұсқасы;

10) іргелес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін іргелес мемлекеттермен ортақ табиғи объектілерді, оның ішінде "Байқоңыр " кешені бойынша, пайдалану қажет болатын не іргелес мемлекеттердің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленген мүдделерін қорғайтын шаруашылық қызметтің жобалау алдындағы құжаттамасы жағдайында мынадай құрамда:

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін, құжат түрінде ресімделген қоршаған ортаға әсерді бағалау (бұдан әрі – ҚОӘБ) материалдары бірге жүретін жоба алдындағы немесе жобалау құжаттамасы;

қоғамдық пікірді есепке алу нәтижелері;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені ( қайта тіркелгені) туралы, дара кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде "жеке кабинетке" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың негіздері мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) сұратылып отырған табиғат пайдалану шарттары Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі;

4) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге сәйкес келмеуі;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы болып табылады.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және ( немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымданған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлікке шағым беріледі.

Шағым жазбаша нысанда поштамен не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы қабылданады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның - аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады .

Шағымды қарау нәтижелері бойынша уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 немесе 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қол жетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтініштерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырылады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайы интернет-ресурстарда орналасқан:

1) Министрліктің - www.energo.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Көрсетілетін қызметті берушінің - www.cerc.energo.gov.kz, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті беруге шектеуі " Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру үшін I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2009 жылғы 23 шілдедегі № 143-Ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5741 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефоны: 8 (7172) 74-08-55, Бірыңғай байланыс орталығының телефондары: 1414, 8-800-080-7777.

"I санаттағы объектілер үшін
мемлекеттік экологиялық
сараптама қорытындысын беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша
Нысан
Өтінім беруші (ұйымның атауы)

**Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы**

__________________________________________________________

(жобаның, құжаттың атауы)

Материалдарды________________________________________әзірледі.

(жобаны әзірлеуші ұйымының толық атауы)

Жоба материалдарына тапсырыс беруші

_______________________________________________________________

(тапсырыс беруші ұйымның толық атауы, мекенжайы)

Мемлекеттік экологиялық сараптама қарауына

____________________________________________________ұсынылды.

(жобалау құжаттамасының атауы, ұсынылған материалдардың, басқа

құжаттардың жинағын атау)

Материалдар қарауға 20___жылғы________________________келіп түсті.

(кіріс нөмірі және күні)

## Жалпы мәліметтер

Сараптама объектісінің орналасу ауданының физикалық-географиялық жағдайының , қоршаған ортаның фондық жағдайының, негізгі техникалық, технологиялық шешімдердің қысқаша сипаттамасы, оның ішінде қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін технологиялық процестерді сипаттау, баламалы нұсқаларды заманауи технологиялардың үздік аналогтарымен салыстырып қарау.

## Межеленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ)

Объектінің ауа ортасына, жерасты және жерүсті суларына, жер ресурстарына, жануарлар және өсімдіктер дүниесіне, жер қойнауына әсер етуінің, физикалық әсер етулердің толық сипаттамасы, апаттық жағдайлар мен экологиялық қауіп-қатерлердің болу мүмкіндігі және ықтималдығы.

Сәулеттік-жобалық құжаттамаларды, елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын дамыту схемаларын, қолданыстағы кәсіпорындарды реконструкциялау (кеңейту) жобаларын қарау кезінде қоршаған табиғи ортаға әсер ету бөлігінде барлық көрсеткіштер қазіргі жағдай бойынша да, есептілік мерзімге де беріледі, сол қолданыстағы жағдайдың жай-күйі бойынша да, есептік мерзімдегі жағдай бойынша да беріледі.

## Тұжырымдама

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асырудың нәтижесі "келісілді/келісілмеді" деген тұжырымдамасы бар қорытынды болып табылады.

Уәкілетті органның сараптамалық бөлімшесінің басшысы

___________________________________________________________________

(ЭЦҚ, аты, әкесінің аты (бар болса),тегі)

Уәкілетті органның аумақтық

бөлімшесі сараптамалық

бөлімшесінің басшысы__________________________________________

ЭЦҚ, аты, әкесінің аты (бар болса),тегі)

"I санаттағы объектілер үшін
мемлекеттік экологиялық
сараптама қорытындысын беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша

Нысан

Қайда ______________________
(мемлекеттік органның толық атауы)
кімнен ______________________
Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) порталдың - тәулік бойы, жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысанда кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім;

2) техникалық меншікті нормативтерді қамтитын эмиссиялар нормативтері жобаларына және қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша бөлімі бар межелі қызмет

жобасына мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама қорытындыларының көшірмелері (ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда);

3) қолжетімді озық технологияларға қол жеткізуге ауысу бағдарламаларының жобасы;

4) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар үшін міндетті экологиялық сақтандыру шартының көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы болмаған жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

порталға жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, электрондық құжат түрінде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысанда кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім;

2) техникалық меншікті нормативтерді қамтитын эмиссиялар нормативтері жобаларына және қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша бөлімі бар межелі қызмет жобасына мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама қорытындыларының көшірмелері (ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда);

3) қолжетімді озық технологияларға қол жеткізуге ауысу бағдарламаларының жобасы;

4) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар үшін міндетті экологиялық сақтандыру шартының көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы болмаған жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

Жеке басты куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені ( қайта тіркелгені) туралы, дара кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы мәліметтерді

көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпиялардан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды:

көрсетілетін қызметті берушіге берген кезде – құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, кеңседе тіркелгені туралы оның көшірмесіне қойылған белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

порталға берген кезде - мемлекетік қызмет көрсетуге арналған өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе "жеке кабинетке" жолданады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың негіздері мыналар болып табылады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айырылуы.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және ( немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымданған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлікке шағым беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда поштамен не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы қабылданады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның - аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат өол жетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтініштерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады . Шағымды қарау нәтижелері бойынша уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайы интернет-ресурстарда орналасқан:

1) Министрліктің - www.energo.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Көрсетілетін қызметті берушінің - www.cerc.energo.gov.kz, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электронды түрде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар .

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефоны: 8 (7172) 74-08-55, Бірыңғай байланыс орталығының телефондары: 1414, 8-800-080-7777.

"Кешенді экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша
Нысан
Мемлекеттік органның атауы

## Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім

___________________________________________________________

(табиғат пайдаланушының атауы)

___________________________________________________________

(өтінім беруші ұйымның заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның тұратын мекенжайы)

1. Жалпы ақпарат

Байланыс телефондары, факс ____________________________________

Өтінім берілетін өндірістік объектінің атауы ________________________

Табиғат пайдаланушының санаты (өндірістік объектінің қауіптілік класы)

_____________________________________________________________

Табиғат пайдаланушының есепке алу нөмірі*

_____________________________________________________________

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

_____________________________________________________________

2. Табиғат пайдалану жүзеге асырылатын өндірістік алаңдардың орналасқан жері туралы деректер:

1-кесте

Өндірістік алаңдардың орналасқан жері туралы деректер:

| Өндірістік алаңның нөмірі | Өндірістік алаңның атауы | Облыс | Аудан, елді мекен | Координаттары, град. мин. сек. | | Алып жатқан аумағы, гектар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ендігі | бойлығы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

3. Ластаушы заттар шығарындыларның (төгінділерінің) және орналастырылатын қалдықтардың жылдар бойынша сұратылып отырған көлемдері

2-кесте. Атмосфералық ауаға шығарылатын ластаушы заттар шығарындыларының көздері

1) өтінім берілген сәтте

| Өндіріс | Цех | Ластаушы затты шығару көзі | | Жұмыс саны жылына сағат | Зиянды заттар шығарындылары көздерінің атауы | Шығарынды көздерінің саны | Карта-схемадағы нөмір |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ататуы | саны , дана | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Шығарынды көздерінің биіктігі, метр | Газдыауалы қоспаның параметрлері | | | Карта-схемадағы координаттар | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жылдамдығы , метр секунд | Бір құбырға шаққандағы көлемі кубтық метр секунд | Температура , оС | Y 1 | X 1 | Y 2 | X 2 |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| | | | | | | | |

2) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

| Өндіріс | Цех | Ластаушы затты шығару көзі | | Жұмыс саны жылына сағат | Зиянды заттар шығарындылары көздерінің атауы | Шығарынды көздерінің саны | Карта-схемадағы нөмір |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ататуы | саны , дана | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Шығарынды көздерінің биіктігі, метр | Газдыауалы қоспаның параметрлері | | | Карта-схемадағы координаттар | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жылдамдығы, метр секунд | Бір құбырға шаққандағы көлемі, кубтық метр секунд | Температура , оС | Y 1 | X 1 | Y 2 | X 2 |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| | | | | | | | |

3-кесте

Газ тазартушы қондырғылардың сипаттамасы

1) өтінім беру сәтіне

| Газ тазарту қондырғыларының атауы | Олар бойынша тазарту жүргізілетін заттар | Газ тазартумен қамтамасыз етілудің коэффициенті | Тазартудың орташа пайдалану дәрежесі/ тазартудың ең жоғарғы дәрежесі | Ластаушы затты бөлетін көз, атауы | Карта-схемадағы нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

2) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

| Газ тазарту қондырғыларының атауы | Олар бойынша тазарту жүргізілетін заттар | Газ тазартумен қамтамасыз етілудің коэффициенті | Тазартудың орташа пайдалану дәрежесі/ тазартудың ең жоғарғы дәрежесі | Ластаушы затты бөлетін көз, атауы | Карта-схемадағы нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

4-кесте

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі

1) өтінім беру сәтіне

| Көздің № | Ластаушы заттың атауы | Ластаушы зат коды | Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары | | | Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жыл | | | | | |
| | | | грамм секунд | миллиграмм кубтық метр | тонна жыл | өлшем бірлігі | ағымдағы мәні | нысаналы деңгейі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 1 | 2 | 3 | 4 |

Ескертпе.

* Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері белгіленген тәртіппен бекітілген жағдайда

2) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

| Көздің № | Ластаушы заттың атауы | Ластаушы зат коды | Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары | | | Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жыл | | | | | |
| | | | грамм секунд | Миллиграмм кубтық метр | тонна жыл | өлшем бірлігі | ағымдағы мәні | нысаналы деңгейі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 1 | 2 | 3 | 4 |

Ескертпе.

* Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері белгіленген тәртіппен бекітілген жағдайда

5-кесте

Ластаушы заттардың сарқынды сулармен төгінділерінің көлемдері

1) өтінім беру сәтіне

| Заттың атауы | Ластаушы заттар төгінділерінің лимиттері (РЕШТ) | | | Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мг/л | г/сағ | т/жыл | өлшем бірлігі | ағымдағы мәні | нысаналы деңгейі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| № 1 шығарылым бойынша, су бөлу көлемі____мың кубтық метр | | | | | | |
| Барлығы, оның ішінде ингредиенттер бойынша | | | | | | |
| № 1 шығарылым бойынша, су бөлу көлемі____мың кубтық метр | | | | | | |
| Барлығы, оның ішінде ингредиенттер бойынша | | | | | | |

Ескертпе.

* Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері белгіленген тәртіппен бекітілген жағдайда

2) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

| Заттың атауы | Ластаушы заттар төгінділерінің лимиттері (РЕШТ) | | | Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мг/л | грамм сағат | тонна жыл | өлшем бірлігі | ағымдағы мәні | нысаналы деңгейі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| № 1 шығарылым бойынша, су бөлу көлемі____мың кубтық метр | | | | | | |
| Барлығы, оның ішінде ингредиенттер бойынша | | | | | | |
| № 1 шығарылым бойынша, су бөлу көлемі____мың кубтық метр | | | | | | |
| Барлығы, оның ішінде ингредиенттер бойынша | | | | | | |

Ескертпе.

* Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері белгіленген тәртіппен бекітілген жағдайда

2) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

6-кесте

Қалдықтарды орналастыру көлемдері

1) өтінім беру сәтіне

| Қалдықтардың Түрі | Қалдықтардың коды | Орналастыру орны | Көлемі мың т (мың кубтық метр) | Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өлшем бірлігі | ағымдағы мәні | нысаналы деңгейі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Ескертпе.

* Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері белгіленген тәртіппен бекітілген жағдайда

2) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

| Қалдықтардың Түрі | Қалдықтардың коды | Орналастыру орны | Көлемі мың тонна, (мың кубтық метр) | Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өлшем бірлігі | ағымдағы мәні | нысаналы деңгейі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Ескертпе.

* Эмиссиялардың үлестік көрсеткіштері белгіленген тәртіппен бекітілген жағдайда

7-кесте

4. Шикізат, аралық және түпкілікті өнімдер туралы ақпарат

1) өтінім беру сәтіне

| р/с № | Материал/зат | Органикалық/ бейорганикалық (иә/жоқ) | Қауіптілік сыныбы | Сақтаудағы көлемі (тонна) | Жылдық пайдаланылатын көлемі (тонна) | Қалай пайдаланылады | Радиоактивті ме (иә/жоқ ) | Уытты ма (иә/жоқ, уыттылықтың типін көрсетіңіз) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

3) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

| р/с № | Материал/зат | Органикалық/ бейорганикалық (иә/жоқ) | Қауіптілік сыныбы | Сақтаудағы көлемі (тонна) | Жылдық пайдаланылатын көлемі (тонна) | Қалай пайдаланылады | Радиоактивті ме (иә/жоқ ) | Уытты ма (иә/жоқ, уыттылықтың типін көрсетіңіз) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

8-кесте

5. Өндіріс қалдықтарын басқару жүйесі туралы ақпарат

1) өтінім беру сәтіне

| р/с № | Қалдық Түрі | Қалдық коды | Өлшем бірлігі | Балланстағы өткен кезеңнен қалдық ( жоғары емес) | Жыл ішіндегі түзілуі ( жоғар ы емес) | Олардың ішінде қайтала ма пайдала ну ( кем емес) | Залалсыздандырылды (кем емес) | Полигондарда, үйінділерде орналастырылған (астам емес) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

2) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

| р/с № | Қалдық Түрі | Қалдық коды | Өлшем бірлігі | Балланстағы өткен кезеңнен қалдық ( жоғары емес) | Жыл ішіндегі түзілуі ( жоғар ы емес) | Олардың ішінде қайтала ма пайдала ну ( кем емес) | Залалсыздандырылды (кем емес) | Полигондарда, үйінділерде орналастырылған (астам емес) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Ескертпе.

* Сондай-ақ қалдықтарды басқару жүйесінің егжей-тегжейлі сипаттамасы қоса беріледі.

9-кесте

6. Шикізат пен энергияны тұтыну туралы

1) өтінім беру сәтіне

| Параметр | Көрсеткіш мәні |
|---|---|
| | |

| | |
|---|---|
| Энергияны тұтыну, жыл бойы сомалық (КВт/сағ) | |
| Энергияны тұтыну, ең жоғарғы жүктеме (КВт/сағ) | |
| Энергияны тұтыну, өнімнің бірлігіне (КВт/сағ өндірілетін өнімнің бірлігі) | |
| Энергияны тұтыну, баламалы көздерден (жалпы тұтынудан %) | |
| Шикізатты өнім бірлігіне тұтыну (негізгі түрлер бойынша), т/өндірілген өнімнің бірлігіне | |

2) ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне

| Параметр | Көрсеткіш мәні |
|---|---|
| Энергияны тұтыну, жыл бойы сомалық (КВт/сағ) | |
| Энергияны тұтыну, ең жоғарғы жүктеме (КВт/сағ) | |
| Энергияны тұтыну, өнімнің бірлігіне (КВт/сағ өндірілетін өнімнің бірлігі) | |
| Энергияны тұтыну, баламалы көздерден (жалпы тұтынудан %) | |
| Шикізатты өнім бірлігіне тұтыну (негізгі түрлер бойынша), т/өндірілген өнімнің бірлігіне | |

10-кесте

7. Төтенше жағдайларға дайындық

Төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттер бағдарламасы

| Төтенше жағдайдың түрі | Қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғау жөніндегі іс-әрекеттер | Жауапты |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

11-кесте

8. Ең озық қолжетімді технологияларды енгізудің мерзімдері және шарттары

Ең озық қолжетімді технологияларға көшу бағдарламасы

| Енгізілетін технология | Жоспарланатын экологиялық әсер | Енгізу мерзімі | Құны (миллион теңге) |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |

Ескертпе

* Енгізілетін технологияларды ең озық қолжетімді технологиялар санатына жатқызуды растау (ең озық қолжетімді технологиялардың бекітілген тізбесіне немесе мемлекеттік сараптамадан өткен басқа жобалық құжаттамаға сілтеме)

9. Табиғат пайдаланудың ұсынылатын шарттары:

______________________________________________________________

Осымен табиғат пайдалану шарттары бұл өтінімде сипатталғанға сәйкес болатындығын растаймыз.

10. Өтінімге мына құжаттар қоса беріледі:

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

Кәсіпорын басшысы _______________ __________________________________

(жеке тұлға) (жеке қолы) (қолдың толық жазылуы)

Ескертпе: * берілген жағдайда табиғат пайдаланушының есептік нөмірі көрсетіледі.

"_______"______________ 20 __ жыл

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына 9-қосымша

# "Қауіпті қалдықтардың экспорты мен импортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Бұйрық стандартпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2018 № 537 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қауіпті қалдықтардың экспорты мен импортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен көрсетеді (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

"электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

порталға жүгінген кезден бастап:

лицензия және лицензияға қосымшалар беру – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді .

көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасы толық емес болған және ( немесе) құжаттардың жарамдылық мерзімі өткен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы жазбаша уәжді жауап дайындайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – қауіпті қалдықтардың импортына және экспортына лицензия және лицензияға қосымша немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бастарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" жіберіледі және сақталады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы түрде көрсетіледі.

Лицензия беру үшін лицензиялық алым, қоршаған ортаны қорғау саласында қызмет көрсету және жұмыстарды орындау үшін лицензияны қайта рәсімдеу "Салық және

бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 554-бабына сәйкес жүзеге асырылады және:

лицензия беру үшін – 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды.

лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады, сондай-ақ портал арқылы төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы (бұдан әрі – ЭҮТШ) жүзеге асырылады.

8. Порталдың жұмыс графигі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді есептемегенде, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады ).

9. Көрсетілетін қызметті алушының порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

лицензия және лицензияға қосымшалар алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1, 2-қосымшаларындағы нысанға сәйкес қауіпті қалдықтардың импортына және экспортына лицензия және лицензияға қосымша алу үшін, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, электронды құжат нысанындағы жеке тұлғаның өтініші;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3, 4-қосымшаларындағы нысанға сәйкес қауіпті қалдықтардың импортына және экспортына лицензия алу үшін, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, электронды құжат нысанындағы заңды тұлғаның өтініші;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) электрондық көшірмесі, оған қосымшалар және (немесе) толықтырулар (бір реттік лицензияға), егер сыртқы сауда шарты болмаған жағдайда, тараптардың ниетін растайтын өзге құжаттың көшірмесі;

ЭҮТШ арқылы төлеуді есептемегенде, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға берілген лицензияның көшірмесі немесе егер қызметтің мұндай түрі оған қатысты Одақтың кедендік аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымына байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға берілген лицензияның болуы туралы мәліметтер (егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса);

оның негізінде тиісті тауарға лицензиялау енгізілген Комиссия шешімімен егер олар айқындалған болса, өзге де құжаттар (мәліметтер);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленген туралы көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде портал арқылы - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік

көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) өтінім беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттарда толық емес немесе дұрыс емес мәліметтердің болуы;

4) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты мәлімделген қызмет түрін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған жағдайларда;

7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда;

8) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттарында толық емес және дұрыс емес мәліметтердің болуы;

9) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің лицензиясы талап етілетін шартты (келісімшартты) орындау нәтижесінде туындауы мүмкін халықаралық міндеттемелерді бұзу;

10) квоталардың, сондай-ақ тарифтік квотаның сарқылуы немесе олардың болмауы (квоталанған тауарларға лицензия рәсімдеген жағдайда);

11) Комиссия актісімен көзделген өзге де негіздер.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және ( немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрліктің басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекен-жай бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша, портал арқылы немесе жұмыс күндері қызмет берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қабылданады.

Шағымда:

5) жеке тұлға - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны;

6) заңды тұлға - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қол қоюы керек.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижесі туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінгенде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының телефоны 1414, 8 800 080 7777 бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтініштерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай:

1) Министрліктің - www.energo.gov.kz интернет-ресурсы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Министрліктің - www.cerc.energo.gov.kz. интернет-ресурсы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

3) порталда.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 58 00 58, 119 және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Қауіпті қалдықтардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша
Нысан

## Қауіпті қалдықтардың экспортына лицензия және лицензияға қосымша алу үшін жеке тұлғаның өтініші

| | | |
|---|---|---|
| 1.Өтініш № | 2. КК.АА.ЖЖЖЖ. бастап КК.АА.ЖЖЖЖ дейін жұмыс істеу аралығы | |
| 3. Лицензия түрі\| ЭКСПОРТ | 4. № бастап Келісімшарт | |
| 5. Қызметті алушы \| | 6. Сатып алушы | |
| 7. Тағайындалған мемлекет\| | 8. Сатып алушы мемлекет \| | |
| 9. Келісімшарт валютасы \| | 10. Құны | 11.Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған ел\| | 13. Мөлшері | 14. Өлшем бірлігі |

| | |
|---|---|
| 15. КО СЭҚ ТН тауар коды және оның сипаттамасы \| | |
| 16. Қосымша ақпарат | |
| 17. Лицензия беру үшін негіз | 18. Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамы<br>Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Телефон<br>Қолы, күні |

"Қауіпті қалдықтардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша

Нысан

# Қауіпті қалдықтардың импортына лицензия және лицензияға қосымша алу үшін жеке тұлғаның өтініші

| | | |
|---|---|---|
| 1.Өтініш № | 2. КК.АА.ЖЖЖЖ. бастап КК.АА.ЖЖЖЖ дейін жұмыс істеу аралығы | |
| 3. Лицензия түрі\| ЭКСПОРТ | 4. № бастап<br>Келісімшарт | |
| 5. Қызметті алушы \| | 6. Сатушы | |
| 7. Тағайындалған мемлекет\| | 8. Сатушы мемлекет \| | |
| 9. Келісімшарт валютасы \| | 10. Құны | 11.Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған ел\| | 13. Мөлшері | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. КО СЭҚ ТН тауар коды және оның сипаттамасы \| | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіз | 18. Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамы<br>Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Телефон<br>Қолы, күні | |

"Қауіпті қалдықтардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 3-қосымша

Нысан

# Қауіпті қалдықтардың экспортына лицензия және лицензияға қосымша алу үшін заңды тұлғаның өтініші

| | |
|---|---|
| | |
| 1.Өтініш № | 2. КК.АА.ЖЖЖЖ. бастап КК.АА.ЖЖЖЖ дейін жұмыс істеу аралығы |
| | |

| | | |
|---|---|---|
| 3. Лицензия түрі\| ЭКСПОРТ | 4. № бастап<br>Келісім-шарт | |
| 5. Қызметті алушы \| | 6. Сатып алушы | |
| 7. Тағайындалған мемлекет\| | 8. Сатып алушы мемлекет \| | |
| 9. Келісім-шарт валютасы \| | 10. Құны | 11.Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған ел \| | 13. Мөлшері | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. КО СЭҚ ТН тауар коды және оның сипаттамасы \| | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіз | 18. Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамы<br>Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Телефон<br>Қолы, күні | |

"Қауіпті қалдықтардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 4-қосымша

Нысан

# Қауіпті қалдықтардың импортына лицензия және лицензияға қосымша алу үшін заңды тұлғаның өтініші

| | | |
|---|---|---|
| 1.Өтініш № | 2. КК.АА.ЖЖЖЖ. бастап КК.АА.ЖЖЖЖ дейін жұмыс істеу аралығы | |
| 3. Лицензия түрі\| ЭКСПОРТ | 4. № бастап<br>Келісімшарт | |
| 5. Қызметті алушы \| | 6. Сатушы | |
| 7. Тағайындалған мемлекет\| | 8. Сатушы мемлекет \| | |
| 9. Келісім-шарт валютасы \| | 10. Құны | 11.Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған ел \| | 13. Мөлшері | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. КО СЭҚ ТН тауар коды және оның сипаттамасы \| | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіз | 18. Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамы<br>Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Телефон<br>Қолы, күні | |

"Қауіпті қалдықтардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 5-қосымша

Нысан

# Қауіпті қалдықтардың экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

| № п/п | Біліктілік талаптары | Оларға сәйкестігін растайтын құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Қауіпті қалдықтардың экспорты мен импорты кезінде | | | |
| 1 | Базель конвенциясына сәйкес аумағына қалдықтар әкелінетін мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы келісімінің болуы | Базель конвенциясына сәйкес аумағына қалдықтар әкелінетін және (немесе) оның аумағы арқылы өткізілетін мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының келісімі (жазбаша түрде) | Қауіпті қалдықтар әкетілген жағдайда |
| 2 | Тараптарарасындағымәміленіңжәне (немесе) ниеттің, өзгеиеліктеншығарудыңболуы | Экспорттаушы мен өндіруші немесе импорттаушы мен тауарды тұтынушы арасындағы келісім шарттардың ( шарттардың) көшірмесі | Тапсырыс беруші делдал болып әрекет еткен жағдайда |
| 3 | Қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету | Тасымалдауға берілген келісімшарттың (шарттың) көшірмесі | |
| 4 | Экологиялық талаптарға сәйкес келетін өндірістік базаның болуы | Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының көшірмесі | |
| 5 | Қалдықтарды қауіпсіз қолдану туралы келісімнің болуы | Жауапты экспорттаушы мен тұлғаның арасындағы осы қалдықтарды қолданудың экологиялық қауіпсіздігі айтылған қалдықтарды жоюға келісімшарттың көшірмесі | |
| 6 | Базель конвенциясының талаптарына сәйкес қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау жөніндегі хабарламаның болуы | Базель конвенциясына сәйкес қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау жөніндегі хабарлама | Үш данада |
| 7 | Тасымалдау туралы құжаттың болуы | Базель конвенциясының талаптарына сәйкес тасымалдау туралы құжат | Үш данада |
| 8 | Әкелінетін қалдықтарды қолдану үшін техникалық (технологиялық) мүмкіндіктердің болуы | Әкелінетін қалдықтарды қолдану үшін техникалық ( технологиялық) мүмкіндіктердің бар екені туралы ақпарат (қауіпті қалдықтарды шикізат ретінді пайдаланау мүмкіндігін растайтын технологиялық регламенттен көшірме немесе оларды қауіпті қалдықтарды немесе олардың қалдықтарының қалыптасуына жол жіберілмейтін, пайдалануға тартылуын растайтын өзге құжат) | Қауіпті қалдықтар әкелінген жағдайда |
| 9 | Базель конвенциясына сәйкес сақтанушының сақтандырушыға беретін шарттың болуы | Базель конвенциясының заңнамасына сәйкес қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау кезінде сақтандырумен, кепілмен немесе кепілдікпен табылғанын растайтын құжаттың көшірмесі | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Қалдықтарды қолдану саласындағы тиісті қызмет түрін жүзеге асыруға арналған рұқсат | Қалдықтарды қолдану бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі | |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
10-қосымша

## "Экологиялық ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 15.03.2017 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Экологиялық ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезден бастап:

Көрстілетін қызметті берушіге- 10 күнтізбелік күнаралығында;

Мемлекеттік корпорацияның Астана қаласында орналасқан филиалдарына– 10 күнтізбелік күн аралығында;

Мемлекеттік корпорацияның басқа филиалдарына – 10 күнтізбелік күн аралығында.

Мемлекеттік корпорацияға өтініш берген күн көрсетілетін мемлекеттік қызметтің мерзіміне кірмейді;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды тапсыру үшін күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыты– 20 минут, Мемлекеттік корпорацияда –15 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 10 минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: қағаз.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі: экологиялық ақпарат.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсынудың нысаны: қағаз.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі- көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

2) Мемлекеттік корпорация - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – сенбіге дейін қоса алғанда бекітілген жұмыс тәртібіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз.

Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібімен үзеге асады, "электрондық үкімет" веб-порталының көмегімен электрондық кезекті брондауға болады.

9. Қызметті алушының немесе оның нотариалды куәландырылған сенімхат бойыншауәкілетті өкілінің өтініші бойынша мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

осы стандарттың 1- қосымшасына сәйкес экологиялық ақпаратты беру туралы өтініш;

2) Мемлекеттік корпорацияға:

осы стандарттың 1- қосымшасына сәйкес экологиялық ақпаратты беру туралы өтініш;

жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі).

Жеке басты куәландыратын құжаттарлың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттарының мәліметтерін Мемлекеттік корпорация қызметкері және көрсетілетін қызмет беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілмесе қызмет беруші мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан ақпарат жүйесіндегі заңмен қорғалатын құпияны пайдалануға келісім алады.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы дайын болған құжаттарды беру, көрсетілетін қызметті жеке басын куәландыратын құжат көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат алушы (немесе оның сенімхат бойынша нотариалды куәландырылған өкілі ) негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация бір ай ішінде нәтижені сақтауды жүзеге асырады, содан кейін әрі қарай оларды сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұранысы бойынша бір жұмыс күні ішінде Көрсетілетін қызметті беруші дайын болған құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті беруші жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті берушіде сұрау салынған экологиялық ақпараттың болмауы, өтініш жіберілген мемлекеттік органда сұрау салынған экологиялық ақпараттың болмауы;

2) өтініш айқын негізсіз болуы немесе тым жалпылама түрде тұжырымдалуы;

3) өтініш әзірлеудің ақырғы кезеңінде немесе мемлекеттік органдардың ішкі хат жазысуларында және олардың арасында тұрған, ұлттық заңнамада немесе қалыптасқан практикада мұндай жағдай көзделген материалдарға қатысты болса, экологиялық ақпарат беру туралы өтініштен бас тартылуы мүмкін, бұл орайда жұртшылықтың мұндай ақпарат алуға мүдделілігі ескеріледі;

4) мұндай ақпаратты жария ету мыналарға:

құпиялылық ұлттық заңнамамен қарастырылған кездегі, мемлекеттік органдар жұмысының құпиялылығына;

халықаралық қатынастарға, ұлттық қорғанысқа немесе мемлекеттікқауіпсіздікке;

сот әділдігін жасауға, адамдарға әділетті сот тергеуін жүргізу мүмкіндігіне немесе органдардың қылмыстық немесе тәртіптік сипаттағы тергеу жүргізу қабілетіне;

заңды экономикалық мүдделерді қорғау мақсатында коммерциялық және өнеркәсіптік ақпараттың жасырылуына. Бұл шеңберде қоршаған ортаны қорғауға қатысты шығарындылар туралы ақпарат ашып көрсетілуі тиіс;

зияткерлік меншік құқықтарына.

5) ұлттық заңнама ережелеріне сәйкес жұртшылыққа мұндай ақпарат беруге тиісті адам келісім бермеген кезде жеке адамға қатысты жеке деректердің және/немесе мұрағаттардың құпиялылығына;

6) егер бұл тарап бұлайша әрекет жасауға құқықтық міндеттемемен байланысты болмаса немесе егер бұл тарапқа мұндай міндеттеме жүктелуі мүмкін болмаса және бұл тарап материалды жария етуге келісім бермесе, сұрау салынған ақпаратты берген үшінші тараптың мүдделеріне;

7) осы ақпартат қоршаған ортаға, мысалы, сирек кездесетін түрлердің өсіп-өнетін орындарынатеріс әсер етеді

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағы 2) тармақшасында көзделген тізбеге сәйкесМемлекеттік корпорацияға құжаттар жиынтығын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы мемлекеттік қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

## 3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрліктің басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша, портал арқылы немесе жұмыс күндері қызмет берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қабылданады.

Шағымда:

1) жеке тұлға - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны;

2) заңды тұлға - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қол қоюы керек.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымның қабылданғанын растау оның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, тапсырылған шағымға жауапты алу орнымен мерзімі көрсетіле отырып тіркелуі ( мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Мемлекеттік корпорация кеңсесінде қолма қол және поштамен жіберілген шағымды тіркеу (шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасында мөр, кіріс нөмірі және тіркеу күні қойылады) оны қабылдауды растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсынажіберіледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету,оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызмет ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Адамның тыныс-тіршілігін шектейтін организм функцияларының үнемі нашарлауы салдарынан денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушылар 1414, 8 800 080 7777 - бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінген кезде, олардың мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қажеттілігі болған жағдайда тұрғылықты жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорация қызметкері қабылдайды.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет сайты - www.energo.gov.kz, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде;

2) Қызмет берушінің интернет-ресурсы: www.ecogosfond.kz, бөлім "Мемлекеттік қызмет";

3) Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында: www.goscorp.kz;

15. Көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтерінің байланыс телефондары 8 (7172) 58 00 58, 119 және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Экологиялық ақпаратты беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан
ШЖҚ "Қоршаған ортаны
қорғаудың ақпараттық-талдау
орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының Бас
директорына
______________________
(Аты-жөні)
______________________
(тегі мен аты-жөні (бар болса),
заңды тұлға берген жағдайда
атауын көрсету қажет )
ЖСН/БСН___________________
Мекенжайы_________________
Телефоны___________________

## Экологиялық ақпаратты беру туралы өтініш

Мынадай экологиялық ақпаратты беруді сұраймын:

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

Мен ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Күні: "____" ___________20__ж.

Қолы: ______________________

Экологиялық ақпаратты беру"
мемлекеттік көрсетілетін

қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

# Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, " Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалының №___ бөлімі ( мекенжайын көрсету), Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында қарастырылған тізбеге сәйкес, _______ _________________құжаттардың толық пакетінің болмауына байланысты, Сізге мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Болмаған құжаттардың атауы:

1) ______________________________________________

2) ______________________________________________

3) ______________________________________________

Осы қолхат әрбір тарап үшін біреуден, 2 данада жасалды.

____________________________ ________________________

(Мемлекеттік корпорация ( қолы)

қызметкерінің) аты-жөні

Орындаушы:___________________________

Аты-жөні (болған жағдайда)

Телефоны_____________________

Алдым: ___________________________________ / _______________________________

Аты-жөні (болған жағдайда) / көрсетілетін қызмет алушының қолы

"____" ___________20__ж.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
11-қосымша

## "Қауіпті қалдықтар паспорттарын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 26.12.2016 № 563 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК